

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы 8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты) білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;</p> <p>5) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар</p>

			саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін зерттеу арқылы «әлемнің тілдік бейнесі», «когнитивтік құрылым», «лингвомәдени бірлік», «аялық білім», «мәдени код», «құндылықтар жүйесі», т.с.с. ұғымдарға тереңірек талдау жасап, оларды білім алушылардың тілдік санасына сіңіру қажеттілігін көрсеткен.</p> <p>Халық ауыз әдебиетінің үлгісі – аңыз-әңгімелер арқылы тілдің ақиқат болмыс туралы аялық білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін айқындаған. Яғни қазақ халқының аңыз-әңгімелерін жаңаша сипаттап, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан зерттей отырып, тілдің таңбалар жүйесі арқылы берілген ұлттық-мәдени бірегейлігін анықтаған.</p> <p>Аңыз-әңгімелер мәтіндерін лингвомәдени бірліктердің мол қоры ретінде қарастырған және білім алушыларға халықтың мәдени құндылықтары, тұрмыс салты, дәстүрлері, тарихи оқиғалары мен географиялық ерекшеліктері туралы ауқымды ақпарат беретін дереккөз ретінде дәйектеген. Соның негізінде қазіргі қазақ тілінің сан ғасырлық тарихын, фольклор тілімен сабақтастығын дәйектеген. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының маңызы зор. Диссертация тіл білімі мен тілді оқыту саласына елеулі үлес қосады.</p>

3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жабаған	Диссертанттың жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (12-13-беттер).
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (7-10-беттер). Зерттеудің өзектілігі тіл мен адамның өзара әсерін зерттейтін заманауи лингвистикадағы қазіргі антропоөзектік бағыт аясында аңыз-әңгімелер тілін халықтың танымы мен мәдениетін танытудағы маңызын айқындаумен, заманауи үрдістермен сабақтастықта терең зерделеумен және фольклор тілін мемлекеттік тілдің түп негізі ретінде зерттеумен байланыстырылған. Сондай-ақ, аңыз-әңгімелер тіліндегі халықтың мәдени және рухани құндылықтарын тасымалдайтын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, көнерген лексикалық бірліктер мен метафоралар, символдық бейнелер мен мифологиялық элементтер, яғни лингвомәдени бірліктер білім алушылардың қызығушылығын арттыратын, танымдық қабілеттері мен ойлау жүйесін дамытатын, мәдениетаралық қарым-қатынаста еркін әрі саналы әрекет етуіне жағдай жасайтын тілдік таңбаларға жататыны зерттеу жұмысының өзектілігі ретінде көрсетілген. Диссертанттың негіздемесін толық қолдаймыз. Себебі қазақтың аңыз-

			<p>әңгімелері – халықтың дүниетаным ерекшелігі мен ұлттық бірегейлігін бейнелейтін құрал, ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі болып саналады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын:  1) <b>айқындайды;</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10-12-беттер).</p> <p>Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін ашуға бағытталған. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен қазақ аңыз-әңгімелерінің зерттелу тарихын, олардың жанрлық ерекшелігі мен түрлерін ғылыми тұрғыдан талдап, аңыз-әңгіме мәтіндерінің танымдық және тәрбиелік маңызын жан-жақты қарастырған. Қазақ аңыз-әңгімелерінің ұлттық ерекшелігін айқындай отырып, оларды халқымыздың рухани-мәдени деректерін бойына жинаған мәдени мұра ретінде зерттеген. Аңыз-әңгімелер тілінде кездескен заттық-мәдени және рухани-мәдени деректі тілдік таңбалардың аксиологиялық құрылымын айқындап, оларды оқытудың ерекшелігін теориялық тұрғыда дәйектеген.</p> <p>Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктердің құндылықтық сипаты мен танымдық аспектілерін тереңірек талдай отырып, олардың білім беру үдерісінде қолданылу әдістемелері мен теориялық негіздерін жан-жақты зерттеген. Ұлттық-мәдени кодты сақтаушы лингвомәдени бірліктердің білім алушылардың лингвомәдени және когнитивтік құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін айқындаған.</p> <p>«Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы аясында аралас (сапалық және сандық) әдістерді қолданып, эксперименттік тәжірибе</p>

		жұмысын жүргізіп, кешенді талдау жасаған. Эксперименттік тәжірибе жұмысының нәтижелерін ғылыми тұрғыда жүйелі сипаттаған.
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін ұсыну. Осыған сәйкес зерттеудің ғылыми болжамын жасаған. Зерттеудің мақсаты мен ғылыми болжамы бойынша диссертант ғылыми-әдіснамалық қағидаларды айқындап, зерттеуге дейін жарияланған еңбектер мен жүргізілген зерттеулерді мақсатына қарай жүйелеген, мағыналық талдау жасаған және ғылыми тұрғыда негіздеген.</p> <p>Әлемдік және отандық филологиялық зерттеулердің мақсатын саралап, аңыз-әңгімелер тілін зерттеудің мақсат-міндетімен салыстырған. Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктерді айқындап, олардың халықтың ұлттық сипаты мен мәдени деректерін тасымалдаудағы танымдық, тәрбиелік және әлеуметтік қызметін зерделеген.</p> <p>Аңыз-әңгімелер мәтіндерінде қолданылған лингвомәдени бірліктерді оқытудың тиімді әдістерін ашып көрсеткен және когнитивтік оқыту моделін жасаған.</p> <p>Аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудағы инновациялық тәсілдердің маңызын анықтап, ұсынған және эксперимент жұмысы арқылы тиімділігін дәлелдеген.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 5 қосымшадан құралған. Бірінші бөлімде қазақ аңыз-әңгімелерінің</p>

		<p>байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>зерттелу тарихын, олардың жанрлық ерекшеліктері мен түрлерін, танымдық және тәрбиелік маңызын, ұлттық-мәдени деректерді сақтаудағы және тасымалдаудағы рөлін, ұлттық-мәдени бірліктердің аксиологиялық табиғатын және оларды оқытудың маңыздылығын сөз етсе, екінші бөлімде аңыз-әңгімелердің әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы маңызын, аңыз-әңгімелерде кездесетін лингвомәдени бірліктердің («Сүйек» концептісі, «баталасу», «ақсарбас атау», «ен салу», «енші беру», «ашамайға отырғызу», «асықты жілік ұстату», «жиенкұрық», «қонақ», «қонақжайлық», «қазы», «жер», «Ошақ» концептісі, «Бақыр» концептісі, «жауырын аштыру», «сауын айту», т.с.с.) аксиологиялық және танымдық табиғатын, заттық-мәдени және рухани-мәдени деректі тілдік бірліктердің білім алушылардың лингвомәдени және когнитивтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызын сөз етсе, үшінші бөлімде аңыз-әңгімелер тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері, қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудың мақсаты, танымдық тіл білімінің ұстанымдары мен әдіснамалық тұғырлары, қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту моделі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылу барысы мен алынған нәтижелері туралы сөз етеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының бөлімдері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптар үдесінен шыққан.</p>
--	--	-----------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар.</p> <p>А.С.Закирова ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар, әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдаулар жасалынған.</p> <p>Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар қазақ тіл білімі теориясының этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвофольклортану, лексикология салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі. Аңыз-әңгімелер тілінде кездесетін лингвомәдени бірліктер қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағыт-бағдар беретін теориялық нұсқау бола алады.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған.</p> <p>Зерттеуші өзіне дейінгі ғалымдардың жіктеуін басшылыққа ала отырып, өз тарапынан жазбаша аңыздар, ауызша аңыздар, әлеуметтік аңыздар, діни аңыздар, қалалық аңыздар деген түрлерге бөлген. Аталмыш аңыздарды тарихи, географиялық, мәдени және діни құндылықтарды қамтитын, оларды халықтық дәстүрлер мен дүниетанымдық жүйелер арқылы сақтайтын жанр ретінде сипаттаған. Тарихи оқиғаларды көркем бейнелеу, халықтық тарихи сана мен жадтың көрінісі, әлеуметтік және мәдени құрылымдардың көрсеткіші, тарихи тұлғалар мен ұлттық идеалдардың қалыптасуы, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы, ауызша дереккөз ретіндегі тарихи маңызы қазақ аңыз-әңгімелерінің тарихи құндылығы деп тұжырымдаған (26-27-беттер).</p> <p>Аңыз-әңгімелердің тәрбиелік құндылықтары (моральдық және ізгілік қағидалары, ұлттық сана мен отансүйгіштік тәрбиесі, өнегелік және</p>

			<p>моральдық үлгі, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, рухани құндылықтарға бағыт беру, әлеуметтік әділдік пен ынтымақ идеялары, табиғатпен үйлесім және экологиялық тәрбие) мен танымдық қызметін (тарихи мәліметтердің көзі, дүниетанымдық және философиялық ойлар, мәдени мұраны сақтау құралы, тіл байлығын көрсету, этнографиялық мәліметтер беру, ұлттық мінез бен психологияны бейнелеу) айқындаған (30-34-беттер).</p> <p>Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктерді әлемдік мәдени мұраның елеулі бөлігін құрай отырып, халықтың рухани болмысын, дүниетанымын және мәдени кодын сақтауға және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына зор ықпал ететін құрал ретінде дәйектеген (101-бет).</p> <p>Аңыз-әңгімелердегі ұлттық-мәдени сипаттағы тілдік бірліктерге концептуалды талдау жасаудың алгоритмін және қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту моделін ұсынған (103-112-беттер).</p> <p>Аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту мәселесін тәжірибелік-эксперимент негізінде айқындаған (104-162-беттер).</p> <p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасында 1 мақала, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда 3 мақала, шетелде өткен халықаралық конференция материалдарында 5 мақала, Қазақстан Республикасында өткен халықаралық конференция материалында 1 мақала және 1 – әдістемелік құралдың (авторлық бағдарлама) жарық көруімен расталады.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа.



		<p>болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1. Аңыз-әңгімелердің танымдық және тәлімдік маңыздылығын айқындап, оларды халықтың рухани құндылықтарын насихаттайтын және тарихи санасын қалыптастыратын құрал ретінде сипаттаған. Қазақ халқы өзінің өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын, моральдік және этикалық қағидаларын келер ұрпаққа аңыз-әңгімелер арқылы жеткізіп отырған деп дәйектеген (30-32-беттер).</p> <p>2. Қазақ аңыз-әңгімелерінің тарихилық құндылығын анықтай отырып, олардың халықтың тарихи жады мен ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін айқындаған. Аңыз-әңгімелерді тарихи оқиғаларды ғана бейнелеп қоймай, халықтың сол оқиғаларға берген бағасын, көзқарасын, құндылық бағдарын көрсететін мәдени мұра ретінде зерделеген (32-34-беттер).</p> <p>3. Аңыз-әңгімелер тілін халықтың элеуметтік және мәдени құндылықтарының көрінісі, сөз өнерінің сарқылмас қазынасы деп тұжырымдаған. Аңыз-әңгімелер тілін оқыту арқылы қазақ тілінің мәдени құндылықтары мен тілдік құрылымдарын сақтауға және оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуге болады деп түйіндеген (28-30-беттер).</p> <p>4. Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктерді әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыратын таңбалар ретінде қарастырып, оларды халықтың ұлттық құндылықтары мен дүниетанымдық ерекшеліктерін кейінгі ұрпаққа жеткізетін құрал ретінде анықтаған. «Сүйек жаңғырту», «бата беру», «ақсарбас», «ен салу», «енші беру», «тілік ен», «ойық ен», «ашамай», «жиенқұрық», «құдайы қонақ», «қонақасы», т.с.с. лингвомәдени бірліктерге талдау жасап, этномәдени семантикасын ашқан (48-63-беттер).</p> <p>5. Аңыз-әңгіме мәтіндерінің танымдық сипатын айқындау үшін «концепт», «гештальт», «ассоциация», «фрейм», т.с.с. ұғымдарға анықтама беріп, оларды концептуалдық</p>
--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

талдаудың маңызды бөлігі ретінде сипаттаған.

«Сәлде», «қазы», «тулақ», «ошақ», «жер», «бақыр», «шапан», т.с.с. концептілерге талдау жасай отырып, концептуалдық талдаудың алгоритмін ұсынған. Концептуалдық талдауды білім алушылардың когнитивтік құзыреттілігін қалыптастыратын маңызды талдау үлгісіне жатқызған (63-80-беттер).

6. Аңыз-әңгіме мәтіндерінің лингвомәдени сипатын айқындау үшін «лингвомәдени бірлік», «лингвомәдени құзыреттілік» ұғымдарына анықтама беріп, оларды лингвомәдени талдаудың маңызды бөлігі деп сипаттаған. Аңыз-әңгіме мәтіндерінде кездескен мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді, көнерген сөздер (архаизм, тарихи сөздер) мен шешендік сөздерді, қанатты сөздер мен ономастиканы (антропоним, гидроним, топоним, онимдер), этнографизмдер мен символдық мағынаға ие сөздерді (сан, түр, түс атаулары) лингвомәдени бірліктер ретінде талдаған. Аңыз-әңгімелердегі тілдік бірліктерге лингвомәдени талдау жасау білім алушының лингвомәдени және мәдениеттанымдық құзыреттіліктерін дамытады деп түйіндеген (80-103-беттер).

7. Аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту мәселесін анықтау үшін үш кезеңнен тұратын тәжірибелік-эксперимент жүргізген. Тәжірибелік-эксперименттің бірінші кезеңінде аңыз-әңгіме мәтіндерінде кездескен лингвомәдени бірліктер мен концептілер білім алушылардың кәсіби мотивациясын күшейтудің тиімді құралы ретінде танылған (104-128-беттер).

8. Тәжірибелік-эксперименттің екінші кезеңінде қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытуда когнитивтік және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану білім

			<p>алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда жаңа бағыттар ашып, оларды заманауи мәдениетаралық коммуникацияға бейімдейтінін анықтаған (128-150-беттер).</p> <p>9. Тәжірибелік-эксперименттің қорытынды кезеңінде бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің алған білімдерінің мазмұны мен қалыптасқан білім-дағдыларына аралас (сапалық және сандық) талдаулар жүргізіп, эксперименттің тиімділігін растайтын когнитивтік технологияларға негізделген тапсырмалар осы білімдерді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік бергенін дәлелдеген (150-162-беттер).</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Диссертацияның әрбір нәтижесі, ғылыми тұжырымдары, түйіні мен қорытындылары лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, лингвофольклортану, әлеуметтік тіл білімі, этнолингвистика, қазақ тілін оқыту әдістемесі, этнопедагогика, халық ауыз әдебиеті, әдебиеттануға қатысты еңбектерге негізделген. Диссертант аңыз-әңгіме мәтіндеріне талдау жасау барысында «сүйек», «баталасу», «ақсарбас атау», «ен салу», «енші беру», «ашамайға отырғызу», «асықты жілік ұстату», «жиенқұрық», «қазы», «жер», «жауырын аштыру», «сауын айту», «тілік ен», «ойық ен», «құдайы қонақ», «қонақасы», «сәлде», «тулақ», «ошақ», «бақыр», «шапан», «тоғыз», «күн», «ұят», т.с.с. лингвомәдени бірліктер мен концептілерге ерекше назар аударып, оларды қазақ халқының тарихи, ұлттық, рухани, әлеуметтік, тәлімдік құндылықтарын бойына жинақтаған мәдени мұра және білім алушылардың когнитивтік, лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыратын тілдік бірлік ретінде қарастырған.</p>

			<p>Аңыз-әңгімелер арқылы дәстүрлі халық мәдениеті құндылықтарының басымдықтары айқындалып, қазақ халқының ұлттық болмысы тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттелген деуге болады. Бұл – зерттеушінің теориялық дайындығының молдығын көрсетумен қатар, жұмыстың құндылығын арттырып тұрған тұстардың бірі. Зерттеу барысында диссертант басшылыққа алған іргелі теориялық тұжырымдар мен әдістер жұмыстың теориялық негізделуінің дәйектелу дұрыстығын көрсетеді. Зерттеушінің түйіндері мен нақты қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде бағалауға болады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (mixed research және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Зерттеу барысында басты дереккөз ретінде халық ауыз әдебиеті мұралары – аңыз-әңгімелер сұрыпталып, лингвомәдени бірліктер мен концептілер жинақталған. Аңыз-әңгіме мәтіндерінде қолданылған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерге, көнерген сөздер (архаизм, тарихи сөздер) мен шешендік сөздерге, қанатты сөздер мен ономастикаға (антропоним, гидроним, топоним, онимдер), этнографизмдер мен символдық мағынаға ие сөздерге (сан, түр, түс, атаулары) сапалық зерттеу әдісі бойынша лингвомәдени және концептуалдық талдау жасаған.</p> <p>Диссертант үш кезеңнен тұратын тәжірибелік-эксперимент жүргізу барысында аңыз-әңгіме мәтіндерінде кездескен лингвомәдени бірліктер мен концептілерге сапалық және сандық талдау жасап, оларды білім алушылардың лингвомәдени, когнитивтік құзыреттіліктерін қалыптастыратын, кәсіби мотивациясын күшейтетін тиімді құралы ретінде саралаған.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p>	<p>Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халықтың тарихын, тағдырын, болмыс-бітімін, түп негіздерін</li> </ol>

		<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;  2) жоқ</p>	<p>танытатын аңыздың мәні зор. Аңыз-әңгімелер – ақиқатты тек өзіне ғана тән тәсілдермен жаңғыртатын асыл мұралар. Аңыздар білім алушыға белгілі бір дәуірлер мен оқиғалар, рухани-мәдени құндылықтар, тарихи қайраткерлер жайлы мол мағлұмат беретін жанр ретінде өте құнды;</p> <p>2. Аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді оқытудың жаңашыл әдістемелік жүйесі білім алушының тілдің ұлттық ерекшеліктерін саналы меңгеруге, этностильде тіл табысу дағдыларын дамытуға, когнитивтік санасының артуына, танымдық белсенділігі мен зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасуына септігін тигізеді;</p> <p>3. Аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктердің танымдық және тәлімдік құндылығын игертуде танымдық тіл білімінің оқыту ұстанымдары негізге алынды. Білім алушының қоршаған әлемді қабылдап, түсініп, өңдеп, тұжырымдап тіл арқылы сыртқа шығаруда <i>дүниені қабылдау ұстанымына</i>, мағыналық құрылымы мен мәдениет фактісі етіп отырған <i>концептуализациялау ұстанымына</i>, сыни ойлау қабілеттері мен ізденімпаздығын арттыруда <i>креативті ойлау ұстанымына</i> және санадағы ақпараттарды жіктеп-талдауға ықпал ететін <i>категориялау ұстанымына</i> негіздеп оқытуды көздейді;</p> <p>4. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне қажетті теориялық білім мен тиісті тәжірибелік машықтарды қалыптастыра отырып, аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларын біртұтас қарастырып оқыту сапалы ізденіс белгісі болып табылады.</p> <p>Әр қағидат Scopus деректер базасы мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда, халықаралық конференция материалдарында жарық көрген мақалаларымен дәлелденген.</p>
--	--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған.</p> <p>Зерттеу жұмысында <i>теориялық</i> (тіл білімі, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, элеуметтік лингвистика, педагогика және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді жинақтау, жүйелеу, талдау); <i>эмпирикалық</i> (педагогикалық бақылау, әңгімелесу, тест түріндегі сауалнамалар, бағытталған ассоциативті эксперимент, аналитикалық жазбаша жаттығулар, эссе); кешенді дәйектеу бойынша алынған нәтижелерді өндеудің <i>математикалық-статистикалық</i> әдістері қолданылған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Диссертант ұсынып отырған қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудың тәжірибелік-эксперименттік талдау нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасаумен нақтыланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім алушылар өз ұлтының ұлттық құндылықтарын аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді меңгеру арқылы таниды;</li> <li>2. Қазақ аңыз-әңгімелері ұлттық мәдениеттің іргелі құрамдас бөлігі ретінде тарихи және мәдени</li> </ol>

			<p>құндылықтардың ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етті;</p> <p>3. Аңыздар жастардың мінезін қалыптастырып, олардың бойында жауапкершілік, адалдық және әділеттілік сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал етті;</p> <p>4. Лингвомәдени бірліктердің талдануы ұлттық мәдениеттің бірегейлігін түсінуге жол ашып, халықтың рухани-мәдени мұрасын тереңірек түсіндіруге септігін тигізді;</p> <p>5. Аңыз-әңгімелер мәтіндеріндегі лингвомәдени бірліктерді – мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, метафоралар, тұрақты тіркестер, антропонимдер, топонимдер, нақыл сөздер, көнерген сөздер және т.б. сабақтарда талдап оқыту білім мазмұнын сапалы әрі жүйелі игеруіне көмегін тигізді;</p> <p>6. Аңыз-әңгіме мәтіндеріндегі тілдік бірліктерге концептуалды талдау жасау – білім алушылардың когнитивтік құзыреттілігін дамытып, аңыз-әңгіме мәтіндеріндегі концептілердің мағынасын терең және дұрыс түсінуге мүмкіндік берді;</p> <p>7. Аңыз-әңгімелердегі тілдік бірліктерге лингвомәдени талдау жасау білім алушының лингвомәдени және мәдениеттанымдық құзыреттіліктерін дамытып, білім алушының қазіргі заман талаптарына сай білімді, жан-жақты дамыған, өзіндік пікірін еркін жеткізе алатын, дүниенің этномәдени бейнесін түсінетін, ұлттық және әлемдік әдебиет құндылықтарын игерген саналы азамат болып қалыптасуына септігін тигізді;</p> <p>8. Когнитивтік технологиялар мен ақпараттық-коммуникативтік құралдар білім алушыларға қазақ аңыз-әңгімелер тілін ұлттық мәдениет контекстінде терең игеруге, сондай-ақ оқу үдерісін жекешелендіріп, оқу материалдарын жеке қажеттіліктері мен танымдық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеуге жағдай жасады.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге

		<p>және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған /расталмаған</p>	<p>сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 170.</p> <p><i>Фольклортану және лингвофольклортану салалары бойынша зерттеген</i> А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Диваев, В.Радлов, Г.Потанин, Н.Пантусов, М.Ж.Көпеев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Төрекұл, С.Қасқабасов, А.Қыраубаева, Б.Адамбаев, Т.Жарқымбекова, К.Матыжанов, А.Пангереев, А.Сейдімбек, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов, С.Қондыбай, Н.Жүсіпов, А.Жақтай, Т.Әлбеков, Н.Мурсалимова, А.Оралбек, Ш.Ыбыраев, Ж.Рақыш, т.б.</p> <p><i>Лингвомәдениеттану және этнолингвистика тұрғысынан қарастырған</i> В.Гумбольдт, Э.Сепир, Е.Бартминьский, А.Вежбицкая, В.Телия, Ә.Қайдар, Е.Жанпеисов, Ж.Манкеева, В.Маслова, Н.Уәли, З.Ахметжанова, В.Красных, Ю.Апресян, А.Мухатаева, О.Чеснокова, А.Ислам, М.Күштаева, Г.Сағидолдақызы, А.Сейілхан, Г.Мұхамеджанова, Ғ.Тұяқбаев, А.Абасилов, т.б.</p> <p><i>Когнитивті лингвистика тұрғысынан зерттеген</i> Дж.Лакофф, Қ.Жаманбаева, Б.Қалиев, Б.Нұрдәулетова, Э.Оразалиева, К.Сарышова, Е.Дзюба, Ю.Клейнер, В.Карасик, Р.Фрумкина, А.Баранов, А.Добровольский, Ж.Никонова, Н.Абдуллина, К.Айдарбек, С.Мотов, т.б.</p> <p><i>Қазақ тілін оқыту әдістемесі тұрғысынан қарастырған</i> Ф.Оразбаева, Р.Рахметова, Ә.Жұмабаева, Г.Уайсова, М.Иманқұлова, М.Ибраева, А.Әбілқасов, Ш.Майгельдиева, Б.Бекжанова, Л.Жамансариева, Ш.Стамқұлова, Г.Усенова, М.Есмұқан, А.Әлімов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен</p>
--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



			расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ аңыз-әңгімелерін, электрондық дереккөздерді қосқанда 170 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, этнолингвистика, элеуметтік лингвистика т.б. тіл білімі салалары мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына елеулі үлес қосады.
9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ		Зерттеу материалын сөздік түзі барысында (қазақ фольклоры сөздігін құрастыруда, тезаурус сөздік жасауда, этнолингвистикалық, лингвомәдени сөздіктер құрастыруда) пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде халық ауыз әдебиеті, фольклортану мәселелері, қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ тілінің тарихы, лингвофольклортану, когнитивтік лингвистика, элеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттануға арналған пәндерден дәріс оқу барысында, қазақ аңыз-әңгімелерінің зерттелу тарихы мен тілдік ерекшеліктерін оқыту туралы элективті курстарда қолдануға болады.	
9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Зерттеу барысында мақсат-міндетіне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, бай материалмен дәйектелген. Жұмыстың соңында 5 қосымша берілген: ҚОСЫМША А – Дәріс, практикалық, БАӨӨЖ, БАӨЖ үлгілері; ҚОСЫМША Ә – Ендіру актісі; ҚОСЫМША Б – Оқу-әдістемелік құрал (авторлық бағдарлама);	


			<p>ҚОСЫМША В – Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік; ҚОСЫМША Г – Сауалнама сұрақтары. Зерттеу барысында диссертант басшылыққа алған іргелі теориялық тұжырымдар мен әдістер жұмыстың теориялық негізделуінің дәйектелуі дұрыстығын көрсетеді.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Аңыз-әңгімелер тілінде кодқа салынған ұлттық (тарихи, әлеуметтік, рухани, тәлімдік) құндылықтарды тауып, лингвомәдени бірліктер мен концептілерді талдау және оларды оқыту осы бағыттағы болашақ зерттеулерге негіз қалайды.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақ аңыз-әңгімелер тілінде кездескен және талданған лингвомәдени бірліктер мен концептілердің санын диссертацияның кіріспе бөлімінде көрсетсе жөн болар еді.</li> <li>2. Диссертациялық жұмыстың 82-бетінде «символдықты білдіретін сөздер» деп берілген атауды стильдік мағынасына сай «символдық мағынаға ие сөздер» деп қолданса дұрыс болар еді.</li> </ol> <p>Бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.</p>

12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		<p>Диссертантттың зерттеу тақырыбына сәйкес Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасында 1 мақала, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда 3 мақала, шетелде өткен халықаралық конференция материалдарында 5 мақала, Қазақстан Республикасында өткен халықаралық конференция материалында 1 мақала жарық көрген.</p> <p>Зерттеу жұмысында төмендегідей мақалаларына сілтеме жасалған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аңыз-әңгімелердегі мақал-мәтелдердің қолданысы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2020. – №12/1. – Б. 688-692.</li> <li>2. Linguacultural and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends // Citizenship, social and economics education. – Ұлыбритания. – 2023. – Б. 137-151.</li> <li>3. The methodology of conducting a linguacultural analysis of the peculiarities of expressing the emotions of heroes in Kazakh and English legends in literature lessons // The Norwegian journal of development of the international science.– №126. – Oslo, Norway, 2024. – Б. 59-65.</li> <li>4. Linguacultural and cognitive structure of the concept of «mood» in Kazakh legends // Theoretical and practical perspectives of modern science. – Стокгольм, 2024. – Б. 70-73.</li> </ol> <p>Барлық жарияланымдар диссертация мазмұнына сәйкес келеді.</p>
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p><b>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;</b></p> <p>2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);</p>	<p>Закирова Асель Сейдуллаевнаның «8D01721 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

		3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.	
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------	--

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі  
кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.  
философия докторы (PhD)



Мурзинова А.С.

Қолы	<i>Мурзинова А.С.</i>
Подпись	<i>Мурзинова А.С.</i>
Тастаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі	
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба	